



Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

1995 жылдан шыға бастады ■ Основан в 1995 г. ■ Since 1995


Серия гуманитар. наук.

SCIENTIFIC JOURNAL


HERALD

L.N. Gumilyov Eurasian
national University

ISSN 1028-9364



№ 1 (104) 2015



I

БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

L.N. GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

1995 жылдын қаңтарынан жылына 6 рет шығады

№ 1 (104) • 2015


ВЕСТНИК

выходит 6 раз в год с января 1995 г.

I бөлім

HERALD

Since 1995



Астана

Гуманитарлық ғылымдар
сериясы

Серия гуманитарных наук

Humanities Series

Жылына 3 рет шығады

Выходит 3 раза в год

Published 3 times a year

Бас редактор: **Е.Б. Сыдықов,**
ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Редакция **Д. Қамзабекұлы (жауапты редактор)**
алқасы: *ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,*

филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Ж.М. Әбділдин

ҚР ҰҒА академигі, философия
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан

С.А. Қасқабасов

ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан

Б.Е. Көмеков

ҚР ҰҒА академигі, тарих
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан

Е.А. Оңғарбаев

ҚР ҰҒА құрметті академигі, заң
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан

Д.М. Мадиярова

экономика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Н.Қ. Калиев

саяси ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Ж.О. Артықбаев

тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Ж.А. Жақыпов

филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

З.Е. Қабылдинов

тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

С.К. Сәтенова

филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

А.Т. Забирова

әлеуметтану ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Ш.Қ. Жарқынбекова

филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Қ.Қ. Шалғынбаева

педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан

Анджей Вержбицки

гуманитарлық ғылымдар докторы,
Польша

Грегори Глиссен

Проф. Др., Германия

Джей Натан

Проф. Др., АҚШ

Джан Динджин

Проф. Др., ҚХР

Т. Дронзина

философия ғылымдарының докторы,
профессор, Болгария

Унал Хасан

Проф. Др., Түркия

Шарад Кумар Сони

Проф. Др., Үндістан

А.М. Есенғалиева

педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, Қазақстан

Г.А. Шарипова

филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан

ФИЛОЛОГИЯ / ФИЛОЛОГИЯ

Б.С. Абдуова, А.М. Әділбек Қазақ тілін оқытудағы интерактивті әдістер: менгерту тәсілдері мен бағалау өлшемдері.....	5
Е.С. Адаева Концепт және оның аудармадағы көрінісі.....	9
Б.М. Айтбаева Эпикалық шығармалардағы ассонанс пен аллитерацияның рөлі.....	14
О.К. Андрущенко Лексико-семантическая специфика гляцевых журналов: иноязычная лексика в журнале «Cosmopolitan».....	20
Қ.Қ. Аубакирова XIII-XV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер.....	26
Ж. Әбдігаппарова Шәді Жәңгірұлының «Тарихнама» дастанындағы Абылай хан бейнесі.....	30
А.М. Әділбек Бірыңғай анықтауыштардың грамматикалық сипаты.....	37
А.Е. Baigozhina, G.A. Tezekbayeva, K.K. Kosherova Multilingualism – one of the factors of an individual in the contemporary society of Kazakhstan.....	42
D. Bazarbekova, M. Sharipova Cognitive styles and effectiveness of the learning process.....	48
С.Б. Бектемірова, Д.А. Қарагойшиева Г.Н. Искакова Қазақ/орыс тілдеріндегі киноморфизмдердің фраземалық көрінісі.....	53
Л. Дауренбекова У. Уитмен поэзиясы қазақ тілінде.....	57
Р.Н. Дәрменқұлова, А.Т.Рахымбаева Медициналық термин жасаудағы басты ұстанымдар.....	62
Б.Е. Ескельдиева Сравнительные полипредикативные конструкции казахского языка с зависимым сказуемым tv=ған=дай.....	67
С.С. Жабаева Гендерная стереотипизация сказочных образов.....	74
С.С. Жабаева, С.А. Гучигова К вопросу о человеке как ключевом концепте языковой картины мира.....	79
М. Қ. Жүнісова, Н.М.Абдуова Бастапқы және соңғы сөйлемдердің композициялық тұрғыдан ұйымдасуы.....	84
Г.Т. Кәріпжанова, Б.М. Қадырова, А.О. Кәріпжанова Мәшһүр Жүсіп шығармаларында ұлттық дүниетанымының берілу сипаты.....	89
Қ.С. Құлманов, Б.С. Абдуова Қазақ тілін оқытудағы сандық білім беру ресурстарының мүмкіндігі мен нәтижелілігі.....	95
Б.М. Мәуленова Сатира тілінде жаңа тілдік қолданыстардың калыптасуы.....	99

Б.М. Мәуленова, С.М. Сапина С. Адамбеков шығармаларындағы әдеби нормадан тыс элементтердің қолданысы.....	105
Р.М. Мусабекова Проблема свободы творческой личности в историческом романе Ю. Домбровского «Крушение империи».....	109
М.С. Оразбек Көркем шығарма табиғатындағы бас қаһарман.....	116
К.Т. Ryssaldy, Zh.E. Bekzhanova Fundamental research works review of youth language study and perspectives of the trend in modern linguistics of discourse.....	120
С. Садықов Олжас Сүлейменовтың «А3 и Я» кітабындағы түрік-қыпшақ рухы.....	125
А.Б. Сарсембаева Семантические особенности фразеологизмов, обозначающих «Характер человека» как способ оценки.....	137
А.Ы. Сафарғалиева Грамматические и коммуникативные характеристики союзных слов <i>который, какой,</i> <i>чей, что</i>	143
А. Тоқсамбаева Көркем шығарма сюжетіндегі характер мәселесі.....	147
Р.С. Тұрысбек Абай әлемі һәм «Абай» журналы (Ж.Аймауытұлы шығармашылығы арқауында).....	151
Р.М. Ускенбаева, А.М. Қазезова Көне мифологиялық шығармалардың зерттелуі және ондағы тілдік қолданыстар.....	155
Шәріпхан Мерей Қазақ-қытай тілдеріндегі дыбыс екпіндерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары.....	160
Ғ. Шойбекова Тілді тарихи-типологиялық жіктеудің алғышарттары.....	164

ТАРИХ / ИСТОРИЯ

Ғарифола Есім Ұлытау – ұлықтау ордасы.....	170
Н.Ж. Исабаев Казахстанско-Российское сотрудничество в области культуры, науки и образования (1991-2011 гг.).....	175
Ғ.И. Көшенова Шайх Ахмед Хазинидің еңбегі «Манба‘ Ал-Абхар ФиРийаз Ал-Аббар» туралы.....	179
Т.С. Қаленова 1917-1918 жж. Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі.....	184
А.С. Мұсағалиева Алаштың акталу деректері: үміт пен ақиқат.....	188
Қ.Қ. Сәрсембина, М.А. Данабаева Отбасы – мемлекеттіліктің іргетасы.....	197

ӘЛЕУМЕТТАНУ / СОЦИОЛОГИЯ

<i>М.К. Абдакимова, С.А. Муликова, С.К. Кенжебаева</i> Социально-педагогическое исследование проблемы насилия.....	203
--	-----

ФИЛОСОФИЯ / ФИЛОСОФИЯ

<i>А.А. Абаева</i> Контексты философских воззрений Ибн Араби.....	212
<i>А.К. Абдина</i> Открытость как сущностная характеристика человека.....	217
<i>Ә.Қ. Мүминов, И.Т. Бердалиев</i> Сәдуақас қажы Ғылымидың атеистік пікірге қарсы тұрадағы әдіс-тәсілдері.....	221
<i>Қ.З. Халықов</i> Қазақ дәстүрлі мәдениеті қазіргі заманғы көркем-мәдени үдерістер ықпалында.....	226

ПСИХОЛОГИЯ / ПСИХОЛОГИЯ

<i>Г.М. Карибаева</i> Мотивациялық тренингтердің ерекшеліктері және қазіргі қоғамда оларды өткізу өзектілігі.....	233
<i>А.Ш. Танирбергеннова, А.М. Тусинова</i> АРТ-терапияның теориялық негіздері.....	236

САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА / ПОЛИТОЛОГИЯ И ЖУРНАЛИСТИКА

<i>А.К.А. Байтұреева</i> Әлеуметтік-мәдени бірегейлік түрі ретіндегі ұлттық бірегейлік мәселесі.....	242
<i>А.А. Градюшко</i> Тематические приоритеты современной веб- журналистики Беларуси и Казахстана	248
<i>Г.Ж. Елмұратов, В.Ю. Питраков</i> Көші-қоны оқу Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың бір бағыты.....	253
<i>М.Б. Жанарстанова</i> Казахстанская модель межэтнического согласия: роль ассамблеи народа Казахстана.....	258
<i>А.С. Жусупов</i> Организация договора о коллективной безопасности: история и современность.....	264
<i>А. Ибраева</i> Еуропалық одақтың геосаяси мүдделері контексіндегі Орталық Азияның орыны.....	269
<i>С.К. Ильясов, Г.Т. Артыкбаева</i> Особенности современной ситуации в сфере межэтнических отношений в Республике Казахстан (на примере Павлодарской области).....	274
<i>М.Кемел, А.А. Сейсинбинова, А.А. Аргынгазинов</i> Тұңғыш Президент және мемлекеттік жастар саясаты.....	284
<i>Р.Т. Құлназаров</i> Энергетическая политика Европейского союза в Каспийском регионе: казахстанский вектор.....	288
<i>Т.Е. Қанапиянов</i> Ерте посткоммунистік кезеңдегі Румыниядағы парламентаризмнің эволюциясы (1990-1996).....	292

<i>К.Қабылғазина, Д.Байғожина</i> Деструктивті журналистика.....	299
<i>С.Ш. Мұсатаев, И.А. Калиев</i> Қазақстан халқының этносаяси қауымдастыққа айналуындағы мемлекетқұрушы ұлттың маңызы.....	304
<i>Е.Л. Нечаева</i> Ключевые факторы стабильности основных секторов социальной сферы.....	308
<i>Е.Л. Нечаева, К.Ш. Елемова</i> Переход Республики Казахстан к «зеленой» экономике: основные направления и реализация концепции.....	313
<i>А.М. Ногаева</i> Орталық Азияның географиялық жағдайы және стратегиялық маңыздылығы.....	317
<i>Р.Ә.Нұртазина, Б.Ә. Жүнісбеков</i> Астана қаласындағы өңірлік жастар саясатының жүзеге асырылуы: мәселелері мен мүмкіндіктері.....	321
<i>С.А. Тулеубаева</i> Арабский мир сегодня: новые реалии и угрозы.....	325
<i>М.Т. Ілінов, Н. Болатұлы</i> В. Парето, Г. Моска, Р. Михельстің элита теориялары және қазіргі заманғы саяси элиталар.....	330

Редакторы	Т.С. Жұманалин
Шығарушы редакторлар	А.А. Елешева, Д. Аянқызы
Дизайнын жасаған	К. Бұлан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы.
– 2015. – № 1 (104). – Астана: ЕҰУ. – 336 б.
Шартты б.т. – 28. Таралымы – 300 дана.

Редакция мекен-жайы: 473021, Астана қ.,
Қажымұқан көшесі, 13/1,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: (8-717-2) 709-542
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды

Бұқаралық ақпарат құралын есепке алу туралы
№1587 куәлікті Қазақстан Республикасы Баспасөз және
ақпарат министрлігі 11.05.1995 жылы берген.

С.Ш. МҰСАТАЕВ¹, И.А. КАЛИЕВ²

с.ғ.д., ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан¹

с.ғ.к., ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан²

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА АЙНАЛУЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТҚҰРУШЫ ҰЛТТЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада Қазақстан Республикасы халқының біртұтас этносаяси қауымдастыққа айналуындағы мемлекетқұрушы қазақ ұлтының орны мен рөлі, атқаратын миссиясы саясаттанулық тұрғыдан талданады. Мемлекетқұрушы ұлт түсінігіне анықтама беріліп, әлемдік тәжірибедегі ерекше үлгілерге шолу жасалады. Мемлекетқұрушы төл этнос ретінде қазақ ұлтына жүктелетін жауапкершіліктің ауыр екені көрсетіліп, оның саны мен сапасы, бәсекеге қабілетті болуы тиіс деген тұжырым жасалған.

Түйін сөздер: этносаясат, этнос, этносаяси қауымдастық, этникалық топтар, мемлекетқұрушы ұлт, Қазақстан халқы, Қазақ елі, патриотизм.

Қазақстандық этносаясаттың түпкі максаты – әрбір қазақстандық азамат өзінің қандай ұлт пен діннің өкілі екендігіне қарамастан өздерін тұтас бір этносаяси қауымдастық ретінде ұғынуына қол жеткізу болып табылады. Қауымдастық деп құрамындағы мүшелері өздерін белгілі бір қауымның өкіліміз деп санап, идентификациялайтын, белгілі бір ішкі рухани бірлігі бар әлеуметтік организмді атайды. Басқаша айтқанда қауымдастық – күрделі әлеуметтік құрылым. Қауымдастықты тар мағынада қолдансақ, ол қоғамның түрлі салаларында кездеседі: этникалық топтарды – этникалық қауымдастық, бизнесмендерді – бизнес-қауымдастық, компьютершілерді – виртуалды қауымдастық және тағысын тағылар. Сонымен қатар, бұл ұғымды кең ауқымда да қолдануға болады: әлем халқы – әлемдік немесе адамзат қауымдастығы, барша мемлекеттер – дүние жүзілік қауымдастық, бір ел халқы – этносаяси қауымдастық. Яғни, біздің қарастырғалы отырғанымыз қауымдастықтың соңғы айтылған түрі, оның ішінде Қазақстанның этносаяси қауымдастық ретінде қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері. Өйткені, Қазақстан мемлекеті саяси құрылымы бойынша біртұтас болғанымен, халқының құрамы жағынан көпұлтты.

Қазақстан Республикасының осындай күрделі этносаяси құрылымына зерттеуші Әбсаттаров Р. Б. төмендегідей нақты ғылыми анықтама бере білген: «Қазақстан Республикасының этносаяси құрылымы дегеніміз – ұлтаралық қатынастың және біртұтас (унитарный) мемлекеттің көп ұлтты құрамын құраушы дос пейілді ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың өкілдері арасындағы қатынастардың жиынтығы мен әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың дамуын ұйымдастыру жолдары болып табылады» [1].

Қазіргі саяси ғылымда ұлтты анықтаудың француздық және немістік моделдері кең танымал болып отыр: француз моделінде – ұлт «отандастар» ретінде, ал неміс моделінде – ұлт діл, мәдениет, тіл т.б ерекшеліктермен анықталады. Ал біз «ұлт», «ұлттық», «ұлттық идея» дегенді көбінесе этностық тұрғыда түсініп, қолданып жүрген сияқтымыз. Дәл қазіргі кезеңде «ұлт», «ұлтТЫҚ» сөздерін «мемлекет», «мемлекеттік» деген мағынада ұғыну керек.

Егер осы тұрғыдан келсек, «ұлт» дегенді «этностық ұлт», «мемлекеттік ұлт» деп екі мағынада қолдануға болады. Этностық ұлт дегеніміз – өте ерте заманда бір тектес, ортақ тілі, әдет-ғұрпы бар тайпалардан құралған қауым болып шығады. Этностық ұлт қандай жағдайда болса да сақталады. Ол басқа бір ұлттың езгісіне түсіп, жан-жаққа бытырап кетсе де этностық сипатын жоғалтпайды. Әлем тарихында мұндай мысалдар көп. Ежелгі мемлекеттердің бірі пайда болып, бірі жойылып кеткенмен, сол мемлекеттерді құраған этностық ұлттар мүлде жоғалып кеткен жоқ. Мысалы, ассирия, күрд, еврей сияқты көне этностық ұлттар ұзақ уақыт бойы қаншама мемлекеттер құрамында болғанымен, біздің заманымызға ұлт болып сақталып жетті. «Тіпті қазіргі Еуропа мен Азияның, Американың мемлекеттері де бір емес, бірнеше этностық ұлттардан тұрады. Францияда тұрып, өзін неміс ұлты. Германияда тұрып, өзін түрік ұлты. Италияда тұрып, өзін армян ұлты, Канадада тұрып, өзін украин ұлты санайтын жұрт аз ба? Бізде де солай ғой. Қазақстанда тұғанымен, өздерін орыс ұлтымыз, неміс ұлтымыз, өзбек ұлтымыз деп есептейтіндер – сол этностық ұлттардың өкілдері емес пе?» – деп ой толғайды филолог-ғалым С. Қасқабасов [2].

Ал, мемлекетқұрушы ұлт дегеніміз – мемлекетті құрған негізгі этнос, төл (титұлды) ұлт. Ол өз

манайына басқа да этностарды топтастыра отырып, бәріне ортақ бір саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, әскери-құқықтық жүйесі бар қоғам құрады. Соның нәтижесінде мемлекеттік ұлт тарихи даму барысында біртекті бола бермейтін бірнеше этностық ұлттың бірлігіне де айналады (бірақ соның өзінде де әрбір этностық ұлт өзін сақтайды). Сөйтіп, мемлекетқұрушы ұлт сол мемлекеттің негізгі бөлігі бола тұрып, басқа этностық ұлттармен бірге өмір сүріп, біртұтас қоғамға өзек болады, соның кепілі әрі біріктірушісі және қорғаушысы қызметін атқарады.

Қазақстандықтар ішінде қазақ ұлтының тарихи орны ерекше, себебі, қазақтар – мемлекет құрушы ұлт. Мемлекет – Қазақстан деп аталады, яғни, «қазақтар елі», демек, енді мемлекет құрушы ұлт осы елдегі өзге этностар тағдыры туралы өздеріне саяси жауапкершілік алуы шарт. Олай болмаса, мемлекет ішінде этностық коллизиялар бола бермек. Мемлекет бірлігіне жауапты ұлт, соны құраушы ұлт, демек, оның тарихи жауапкершілігі де ерекше. Сондықтан қай ұлтқа жататынына карамастан, барлығы үшін даму мүмкіндіктерінің бірдей болуы мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы республикадағы байырғы ұлт – қазақтардың мүддесі жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде орын алып отырғанындай, ерекше бөліп айтылатыны қисынды.

Этностың мемлекет құруға қабілеті ең алдымен оның басқа ұлттың өкілдерімен ынтымақта ғұмыр кешу, республикада тұратындардың барлығы Қазақстанды өз Отаны деп есептеуі үшін қажетті ахуалды ұстау ниеті мен қабілетінен байқалады. Басқадай айқындама тығырыққа әкелері анық, және жоғарыда айтылғандардан қазақ ұлтының республика халқын топтастырушы, мемлекет құрушылық миссиясы көрініс табады. Бұл миссиядағы келесі бір маңызды мәселе – сол мемлекет құраушы, ел халқын топтастырушы ұлттың тұтастығы.

Мемлекет құрушы этностың иығымен көтеретін міндеті күрделі әрі көп астарлы: мұнда сол ұлттың ішкі тұтастығы; жеке адамдар қатынасы, яғни, этносаяси қауымдастық ішіндегі түрлі ұлт өкілдері арасындағы; ұлтаралық деңгейде – ұлттар, ұлыстар мен этникалық топтар арасындағы; халықаралық дәрежеде – егеменді мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас мәселелері біте қайнасып жатыр. Ендеше, осы мемлекеттің негізі саналатын қазақ ұлты өзінің этностық сипатын сақтай отырып, мемлекеттік ұлтқа айналуға деп айтуға болады.

Сол себепті этностық, мемлекеттік мүдде қатар жүреді. Біз енді адамзат өркениетінен қалмауға тиіспіз. Оның озық ойлары мен жетістіктерін түгел игеріп, пайдалана білуіміз керек. Бұл үшін ең әуелі қазақ ұлтын жаңа дәрежеге көтеру керек.

Ендігі тағы бір үлкен мүдде – Қазақстанды ұлттық мемлекет ету. Өркениетті елдердің бәрі әу баста ұлттық мемлекет болып құрылған және сол этностық ұлт негізіндегі мемлекет болып дамып келе жатыр (Англия, Германия, Франция, Италия, Бельгия, Ресей, т.б. алсаңыз да, ішінде қаншама этнос көп болса да, өздерінің этностық, ұлт ретіндегі мемлекеттігін сақтауда).

Әрбір дамыған этностарда ішкі топаралық (ру) дау-жанжалдардың өрістеп кетпеуін тежейтін механизмдері бар. Мұндай рөлді экономикалық (нарық), сондай-ақ саяси (мемлекет) механизмдер атқарады. Алайда, нарықта мемлекет те төл этностың қолындағы қаруына айналып, басқа этникалық топтардың мүддесіне зиянын тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда зайырлық пен руханилықты біріктіретін мемлекеттің рөлі ерекше. Осыған байланысты көптеген дамыған елдерде «түпкілікті емес тұрғындар» мәселесін мемлекет «ұлт» және «мемлекет» түсініктері теңестірілетін бірдей азаматтықты енгізу арқылы шешеді [3].

Ұлттық сипатта құрылған мемлекет тек ерте заманда ғана болған құбылыс емес. XX ғасырда азаттық алған Азия мен Африкадағы халықтардың көбісі ұлттық мемлекет құрғаны мәлім. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қайта құрылған Израиль мемлекеті де таза ұлттық негізде пайда болды емес пе? Олай болса, бүгінгі заманда ұлттық мемлекет болмайды деп айтуға болмас. Мұны ТМД кеңістігінде пайда болған мемлекеттердің тәжірибесінен де көруге болады. Ұлттық мемлекет тек бір ғана ұлттан тұрмайды. Әлемде бір ғана ұлттан тұратын мемлекет кемде-кем. Әсіресе, үлкен және дамыған мемлекеттерде көптеген ұлт өкілдері тұрады, бірақ сол мемлекеттер ұлттық мемлекет болып саналады. Рас, Америка мен Австралия құрлықтарындағы кейбір мемлекеттер мұндай жағдайда емес. Алайда, ол мемлекеттердің отарлық негізде пайда болғанын ескеру керек. Аталған құрлықтардың өз жұртын қырып-жойып, шеттен келгендер үстемдік еткені, сөйтіп этностық ұлтсыз мемлекет құрғандары тарихтан аян. Олар бұл мәселеде бізге үлгі бола қоймас. Құдайға шүкір, Қазақстанның байырғы жұрты – қазақ халқы «мың өліп, мың тірілсе де», этностық ұлт сипатын жоғалтқан жоқ. Қазір мемлекет құрып, мемлекеттік ұлт ретінде жер-жаһанға танылып жатыр. Сондықтан, алдағы басты ұлттық мүддеміздің бірі – Қазақстанды ұлттық мемлекетке айналдыру. Бірақ бұл біздің елімізде тұратын басқа этностардың мүддесін жоққа шығару емес, керісінше,

солармен бірлесе, жұптаса отырып істелетін міндет. Ұлттық мүддені жүзеге асыру – өркениетті, демократиялық жолдармен, келісімді іс-шаралар арқылы болмақ. Бұл істе мемлекеттік саясатпен қатар ғылым мен әдебиеттің, өнер мен мәдениеттің де рөлі үлкен. Олар ұлтқа, ұлттық идеяға, ұлт мүддесіне, қоғамға қызмет етуге тиіс. Ф. Бродель атты француз оқымыстысы «Франция дегеніміз не?» атты кітабында: «Франция – бұл әрі көпше, әрі жекеше ұғым; оған көптүрлілік те, бірлікке ұмтылу да тән». Франция осы екі аралықта шытынап кетердей болып, керіліп тұр. Францияның бұл ерекшелігі көбінесе оның географиялық орналасуымен түсіндіріледі, онда кездесу мен қиылысу идеясы жатыр. Франция – түрлі халықтарды өз еркімен болмаса амалсыздан араласуға мәжбүр ететін оппа, бейне бір ор-қақпан сияқты» деп жасаған тұжырымының Қазақстанмен көп ұқсастығы байқалады [4].

Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың сындарлы ұлт саясатының арқасында тәуелсіз елімізде ұлтаралық татулық, саяси тұрақтылық қамтамасыз етіліп отыр. Осы бірліктің, татулықтың нәтижесінде еліміз экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік өрлеуге қол жеткізді. Ұлт саясатын жүргізуде, әр ұлт пен ұлыстың өзара түсіністігін, олардың төл мәдениеті мен тілінің дамуында Қазақстан халықтары Ассамблеясының маңызы артып отыр. Ата Заңымызға енгізілген өзгерістерге сай ол қоғамдық ұйымнан конституциялық құқыққа ие бодды. Ассамблея арқылы 9 адам Мәжіліске депутат болып сайланды. Енді осы өкілдері арқылы Ассамблея өз мүдделерін білдіруге әрі оларды заңмен бекітуге мүмкіндік алды. Көпұлтты Қазақстанда ұлт саясатын дамытудағы басымдыққа ие принцип тар ұлттық мүдде емес, әмбебап, жалпыадамзаттық мәндегі құндылықтар – адам мен азаматтың бостандығы мен теңдігі, әділдік, заңдылық пен қоғамдық келісім, азаматтық бейбітшілікке ұласқан ұлтаралық татулық, еліміздегі барша халықтың дамуына қажет демократиялық консенсусты принциптер болуы шарт.

Қазақстанда саяси мәндегі этностық қауымдастықты қалыптастыру – біздің еліміздің стратегиясы. Дегенмен, біздің менталитетімізді ескере отырып, «Қазақстан халқы», «Қазақ елі» ұғымдарын пайдаланған жөн деген зиялы қауымның пікіріне толық қосыламыз.

Қорыта айтқанда, кез-келген елдің азаматтарының құқықтары тең болуы керек. Ел тыныштығы үшін Қазақстан халқының мүддесі теңдей қорғалуы тиіс. Оны бөліп-жарып жатсақ, онда кикілжің туындауы мүмкін. Жеке ұлтжандылық пен тар ұлттық мүддеден отаншылдық сезімі жоғары тұруы тиіс. Отаншылдық сезімі тар ұлттық мүддеге, яғни ұлтжандылыққа залалын келтіреді деу жансақ пікір. Ол мемлекеттік ұлттық мүдденің ажырамас құндылығы, оның рухы. Отаншылдықты дамыту қазіргі тандағы аса өткір қажеттілік, және де күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе.

Ал көпұлтты Қазақстан халқын қазақ этносы мен елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің ерікті ассоциациясы, солардың этностық әр-алуандылығы сақталған саяси, рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық бірлігі деп қарағанымыз жөн. Мұндай жағдайда түрлі ұлт өкілдері мекендейтін көпұлтты мемлекетімізде ақылға бірлік, яғни, жалпыұлттық идеяның қалыптасуы ұзаққа созылатын күрделі процесс. Өйткені ол – саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық, мәдени, рухани-моральдық салалардағы замана талабына сай келетін принциптер мен құндылықтардың қорытпасынан туындайтын, отаншылдық сезіммен суарылған қоғамды біріктіруші және алға қарай, ерен істерге бастаушы рухани күш.

Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ұсынып отырған қазақстандық жаңа патриотизм болса әлеуметтік-саяси мәні зор рухани құндылық ретінде жаңа этносаяси қауымдастық болып табылатын қазақстандық халықтың ынтымағын нығайтушы маңызды факторлардың бірі [5]. Отанның ортақтығын сезіну, өмір сүріп отырған ортаны – республиканың унитарлығы мен шекаралық тұтастығын қорғау, барша қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартатын экономикаға атсалысу, бірегей діл мен психологияның қалыптасуы тұрғылықты халықты жұмылдырады, бұл мемлекетіміздің алдында тұрған даму мақсаттарына жетуге, міндеттерін жүзеге асыруға қажет. Сол үшін Қазақстанды жаңғырту мен стратегиялық мақсат-мұраттардың орындалуында жаңаша, осы заманның талабына сай келетін патриотизмнің әлеуеті мен деңгейіне тікелей байланысты.

Сонымен, жасаған талдауымызды түйіндей келе, төмендегідей нақты ғылыми тұжырымдар жасауымызға болады:

1. Кез келген мемлекеттегі, әсіресе көп ұлтты мемлекеттегі халықтың біртұтас этносаяси қауымдастыққа айналуы мемлекетқұрушы ұлт арқылы ғана шынайы жүзеге асады. Ол үшін мемлекетқұрушы ұлттың өзі мықты (саны мен сапасы сай), ішкі бірлігі күшті, бәсекеге қабілетті болуы шарт. Біртұтас этносаяси қауымдастыққа айналуы отаншылдыққа тәрбиелеу, үгіт-насихаттан

бастап мемлекеттік саясатты тиімді жүргізуге дейінгі аралықтағы іс-шаралар кешені арқылы дамытуымызға болады.

2. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде нығаюы Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясында көрсеткендей, жалпықазақстандық жанаша патриотизмнің қалыптасуымен тығыз әрі тәуелді байланыста. Ал қазақстандық жаңа отаншылдықтың дінгегі қазақы ұлтжандылық болуы тиіс, қазақ ұлты мемлекет құрушы этнос болғандықтан, ұлттық мемлекеттің қадір-қасиетін өзіндік ұлттық ерекшеліктерін қастерлемейінше, өздерінің тарихи миссиясын терең жауапкершілікпен ұғынбайынша Қазақстан халқын ұйыстырып, ұйытуы қиын. Қазақы әдеби тілге салсақ, «бір тостак айран жасау үшін бір қасық нағыз ұйтқы керек». Басқаша айтсақ, қазақстандық отаншылдықтың айнасы да, үлгісі де – қазақ ұлты. Қазақстандық отаншылдықтың көк туы астында басқа ұлттың өкілдері әрқашанда қазақтарға қарап бой түзейді.

3. Қазақстан халқын біріктіруші алғышарттар – тарих пен тағдырдың ортақтығы, жалпыұлттық келісім, консолидация, толеранттылық жаңа саяси мәдениеттің іргетасын қалады және қазіргі қол жеткізген жетістіктерімізге арқау болды. Мұның барлығы қазақстандық біртұтас этносаяси қауымдастықты айқындаушы шынайы саяси болмыстың көріністері.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абсаттаров Р. Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 248 с.
- 2 Қасқабасов С. Абай және ұлттық идея // Егемен Қазақстан. 2005 жылғы 25 мамыр. – Б. 4.
- 3 Арын Р. С. Төл этностың әлеуметтік-саяси мәртебесінің эволюциясы (Қазақстан Республикасының материалдарында) / Саяси ғыл. док. дисс. авторефераты. – Алматы, 2007. – Б. 17.
- 4 Стрельцова Я. О проблеме «национальной идентичности» во Франции // Мировая экономика и международные отношения. 2006. – № 7. – С. 24.
- 5 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 // http://www.akorda.kz/kz/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-lidera-natsii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstana

REFERENCES

- 1 Absattarov R.B. Natsionalnye protsessy: osobennosti i problemy. – Almaty: Gylym, 1995. – 248 s.
- 2 Kaskabasov S. Abai zhane ulttyk ideya // Egemen Kazakhstan. 2005 zhylygy 25 mamyr. – B.4.
- 3 Aryn P.C. Tol etnostyn aleumetuk-sayasi martebesinin evolutsiayasy (Kazakhstan Respublikasynyn materialdarynda) / Sayasi gyl. dok. diss. Avtoreferaty. – Almaty, 2007. – B. 17.
- 4 Streltsova Ya. O probleme «natsionalnoi identichnosti» vo Frantsii // Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya 2006. – № 7. – s. 24.
- 5 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenty – Elbasy N.A. Nazarbaevtyyn Kazakhstan – 2050 Strategiyasy kalyptaskan memleketin zhana sayasi bagyty atty Kazakhstan halkyna Zholdauly 14.12.2012 // http://www.akorda.kz/kz/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-lidera-natsii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstana

С.Ш. Мусатаев, И.А. Калиев

Роль государствообразующей нации при переходе казахстанского народа в этнополитическое общество

В статье проведен политологический анализ проблемы становления и развития казахстанского народа как единого этнополитического сообщества, роль и миссию государствообразующей нации – казахов в этом сложном процессе. Дана дефиниция понятия государствообразующая нация, рассмотрены ее разные модели в мировой практике. Показана тяжесть ответственности, которую несет государствообразующая нация, сделаны выводы о том, что какими качествами должна обладать казахи как титульная нация страны.

Ключевые слова: этнополитика, этнос, этнополитическое сообщество, этнические группы, государствообразующая нация, народ Казахстана, казахский народ, патриотизм.

S.Sh. Musataev, I.A. Kaliev

The role of government's forming nation in the shift of Kazakhstani people in ethno-political union

The article gives a political analysis of the problem of formation and development of the people of Kazakhstan as a single ethno-political community, the role and mission of the state-forming nation – Kazakhs in this complex process. Given definition of the concept of the state-nation, considered its various models in the world. Shows the

weight of responsibility carried by the state-nation conclusions that what qualities must have Kazakhs as the titular nation of the country.

Key words: *ethno-politics, ethnicity, ethno-political community, ethnic group, the state-nation, the people of Kazakhstan, the Kazakh people, and patriotism.*

Редакцияға 05.11.2014 қабылданды.

УДК 321.01(574)